

## **10 дәріс. Византия мәдениеті.**

### **Жоспары:**

1. Грек мәдениетінің ықпалы.
2. Шығыс және Батыс Рим империялары

Б.з.д. 313 жылы Константин Миланский алғаш рет ресми түрде христиан дінін ресми дін ретінде қабылдайды. Осы шешім христиан дінінің заңды тұрғыда бекіп, өнерінің де қарыштап дамуына үлкен үлесін қосады. Б.з.д. 330 жылы астана Римнен ежелгі Гректердің заңды мұрагері саналған Константинопольге көшіріледі. Осы арқылы ежелгі антикалық мәдениетпен байланыс орнап, өздерін сонау үлкен алып кеңістікті қамтыған антикалық дәуірдің мұрагерлері санайды. Дін мен діни көзқарастар жағынан қайшылықтар бұған кедергі ете қоймайды. Мемлекет астанасы сол кездегі Римнің астанасы болған Равеннадан бір кездері антикалық Грек мәдениетінің орталығы саналған Константинопольге ауыстырылады. Осылайша, дін мен сарай тарапынан ортақ бірлік орнайды. Бұл Византия мәдениетінің бірізді жүйелі дамуына ықпалын тигізеді. Б.з.д. 395 жылы Феодосий I дүниеден өткеннен кейін Рим Империясы күйрейді. Феодосидің ұлдары тұтастай үлкен империяны екіге бөліп алады. Батыс және Шығыс Рим империясы өзінің дамуында және өркендеуінде де әртүрлі сипат алады. Мысалы, бүгінгі Батыс Еуропа территориясындағы халықтардың өнерін қалыптастырушы Батыс Рим империясы б.з.д. 395 жылдан бастап есептесек, тек 80 жыл ғана өмір сүреді. Әрі қарай оның орнын Еуропаның басқа бөліктері, Германия, Франция және т.б. елдерден келген халықтар жаулап алады. Олардың мәдениеті мен өнері жергілікті өнерді дәстүрлі түрде жалғастыра отырып, өз мәдениетін қалыптастыруымен ерекшеленеді.

Екінші бөлігі алып, алпауыт мемлекет құрған жалпы тарихы мың жылға созылған Шығыс Рим империясы болатын. Сол Шығыс Рим империясының негізінде алып Византия мемлекеті қалыптасады. Тарихы мың жылға созылған Шығыс Рим империясы 1435 жылға дейін, яғни түрік басқыншылығына дейін билік құрады. Ол алпауыт мемлекет құра отырып, өз қарамағында өнердің де дамуына жағдай жасаған еді. Шығыс Рим империясының халқы да сол Рим халқы болатын. Алайда Батыс бөлікке қарағанда осы Шығыс бөліктің халқы өздерін сонау ежелгі Рим өркениетінің, антикалық әлемнің заңды мұрагері санаған болатын. Мың жылға созылған Византия тарихы, Византия өнерінің тарихы сол билікте, қоғамда орын алған өзгерістермен тікелей байланысты болды. Мысалы, Византия мәдениетінің кезеңденуі, билікке келген билеушімен сабақтастықта айтылады.

IV–VII ғасырлар Ерте Византия кезеңі, VIII–IX ғасырлар Иконакүресушілік уақыт. Дәл осы уақытта христиан діні өзінің ілкі бастамасында жатқан тірі жанды бейнелеуге тыйым салатын. Келесі кезең IX–XII ғасырлар орта Византия уақыты. Бұл уақытта Византия ішінара екі кезеңді басынан өткереді. Біріншісі Македондық Византия өнері. Александр Македонский ұрпағы біршама уақыт билікке келген тұс болатын. Екіншісі

Комниндік кезең. Соңғысы түрік империясы басып алғанға дейінгі уақытты қамтитын кешеуіл Византия уақыты болды.

Ежелгі Рим Империясы күйрегеннен кейін, оның орнында қалыптасқан екі мемлекеттің де орталығы екі түрлі болды. Шығыс Рим Империясының орнында Константинополь қаласы, ал Батыс Рим Империясының орталығы Равенна қаласы болды. Осы екі орталыққа байланысты дін де шіркеу моделін жасауда екі түрлі қалыптасады. Бірінші Византия орталықтандырылған шіркеу принципін салады. Ал, Батыс Рим империясы латын крестінің пішініндегі созылыңқы келген базиликаның үлгісін жасайды. Екеуінің де үлгісінде крест пішіні жатыр. Оны қалай түсінеміз? Крест бұл адам моделі. Екі қолын жайып, құдай алдындағы құлшылықта құлашын ашып тұрғандай. Оның жоғарғы алтарь бөлігі басы, қос қанаты қолы, одан төмен қарай дене бөлігі болатын.

Дәл осы қағиданы Византияда тең қабырғалы етіп алады. Енді крест тең қанатты, яғни теоцентристік ұғымда құдайды орталыққа алып келеді де, дін орталықтандырылған қызмет атқарады. Шіркеуде осы принципте жоспарында тең қабырғалы крест құрады. Мұндай құрылыстар әдетте күмбезді жабынмен жабылып, барабандары Рим империясындағы Пантеонның күмбезі секілді толық жабылатын. Ал Батыс Рим империясындағы шіркеу жоспарында ұзынша келген латын крестіне ұқсас келді. Ол орталықтандырылған күмбезді шіркеуге қарағанда керісінше дінге барар жол өте ұзақ деген мағынаны білдіру үшін жасалған болатын. Есіктен кірген адам михрабқа жеткенше ұзағынан созылған процессия бөлімінен өтеді. Осы жол оның дінге келудегі азапты ұзақ жолының символы болды. Базиликалық құрылыстар күмбезсіз шешілетін. Оған күмбез орнату өте қиын болатын.

Күмбез жабынды орталықтандырылған шіркеу үлгісі Византия территориясында кеңірек дамиды. Мысалға алатын болсақ, Әулие Ирина шіркеуі дәл осындай принципте шешілген. Күмбез арнайы барабанға орнатылған. Жарық орталық бөлікке сол барабан арқылы түседі. Бұл барабан Византия өнері күмбезді ғимараттан біршама биік етіп көрсету үшін қажет. Сонымен қатар күмбезден түсетін ауыр салмақты ғимараттың өн бойына тарқатып түсіру үшін де маңызды болды.

Жарық мәселесі де христиан дінінде ерекше қарастырылады. Өйткені Иисус Христостың өзі үнемі жарықпен теңелді. Сондай-ақ жарық қайдан түседі? Әрине күн көтерілген кезде төбеден түседі. Осы табиға заңдылыққа бағыну үшін күмбезді шіркеулердің ішіне де жарық ең алдымен тура орталыққа тек төбеден түсуі керек болатын. Пантеонда жарықты күмбездің дәл ортасынан ойық қалдыру арқылы түсірген болатын. Византияда күмбезді толықтай жабады да, оның астындағы барабан арқылы шіркеу ішіне негізгі жарық көзін түсіреді. Бұл сол жарықтың көктен нұрланып түскені секілді тылсым, ғажап әсерін беретін. Осылайша, орталықтан шіркеу интерьерінің басқа бөліктеріне де тарайтын.

Ал, Батыс Рим империясының территориясындағы базиликалық принциптің үлгісі ретінде біз V ғасырда салынған Әулие Петр базиликасын көреміз. Өкінішке қарай, тұтастай ағаштан салынған бұл ғимарат бүгінгі күнге

дейін жеткен жоқ. Алайда, бүгінгі күні сол әулие Петр базиликасының орнында үлкен Әулие Петр соборы бой көтерген. Базиликаның ұзынша келген негізгі бөлігі неф, ал екі қанаты трансепт деп аталды. Трансептті қиып өтетін жоғарғы жақ алтарь бөлік саналатын. Алтарь құлшылық жасау, негізгі діни рәсімдер өтелетін орын.

Византияның саяси хал-ахуалы барған сайын қарыштап дами түседі. Оның дінмен қуатты бірлігі біртіндеп бейнелеу өнерінде де айқын көрініс таба бастайды. Оның озық үлгісі құрылысы VI ғасырда салынған Әулие София шіркеуі. Император Юстиниан тұсында салынған бұл шіркеу, өз құрылымында өте ауқымды күрделі шешім тапқан. Император оның сәулетшілерін арнайы бұрынғы антикалық дәстүрлерді сақтаған жерлерден шақырады. Олар Тральдан келген Анфимий мен Милеттік Исидор болды. Бұл сәулетшілердің басшылығымен Әулие София шіркеуінің жоспары жасалып, құрылыс 5 жылға созылады. Бұл құрылыстың негізінде 10 мың адам қарқынды жұмыс жасайды. Әулие София шіркеуі де тура алғашқы Ирина шіркеуі секілді орталықтандырылған тең қанатты крест пішінінде шешім тапқан. Күмбез мұнда да Әулие Ирина шіркеуіндегідей барабанға орнатылады. Айырмашылығы мұнда ғимарат пен күмбездің көлемі Ирина шіркеуінен әлдеқайда көлемдірек еді. Ғимараттың ішіне кірген кезде алып монументалдылық, ауыр салмақтылық әсері интерьер ішіндегі кескіндемелік мозаикалық жұмыстармен тіпті де әсем көрініс табады.

Күмбез астынан түскен жарықтар ғимараттың ішіне оның діни тақырыптарға тарқатылған көріністеріне бір құдіреттілік беріп тұрғандай. Византия кезеңіндегі бейнелеу өнері біздің білуімізше қалыптасқан заңдылық бойынша шартты түрде дамыған болатын. Адамды бейнелеу оның шынайы реалистік бейнесіне ұқсамау керек. Өйткені олар белгілі бір адамды емес, әулие деп танылған тұлғаларды кескіндеуде. Осындай ережелер бойынша, бейнелеу өнерінде адамдар эмоциясыз, белгілі бір өте жоғары рухани жағдайда кескінделетін. Ая, яғни фон көгілдір түспен, жиірек алтын түспен шешілетін. Бас бөлігінің артқы аясы шеңбермен қоршалып, оның әулие екенін айқындай түсетін. Мұндай шеңберді дінде «нимб» деп атайды. Сонымен қатар, ең басты діни кейіпкер, ең басты композициялық орталық болып табылатын тұлға міндетті түрде таққа отырған күйі салтанатты кейіпте шешілді. Бұл бейнелердің шынайы адам емес екенін, жер бетіндегі пендешіліктен өте жоғары тұрған кейіпкер екенін айқындау үшін тура перспективаны емес, кері перспективаны пайдаланды. Ол отырған тақ немесе аяғының астында жатқан тақтың табаны алдыңғы жағында кішірейіп, керісінше артқы жағында кеңейе түсетін. Мұндай ізденіс кескіндемеге кеңістіктік емес, жазықтық әсерін береді. Оның кеңістігін әрі қарай тереңдетіп кеңітпейді. Сондықтан да, дәл осы заңдылықтар бойынша Византия бейнелеу өнері мың жыл бойы дамиды.

Әулие бейнелері бастары сопақшалау келіп, міндетті түрде византиялық киім үлгісінде немесе грек-римдік киім үлгісінде бейнеленетін. Византиялық киім тұтастай пішілген халат үлгісінде тігілетін. Ондай халаттар өте қымбат маталардан алтын, күміс жіптермен тігіліп, асыл тастармен әспеттелетін. Ал, грек-рим үлгісіндегі киімдер драпировкалы және түйреуіштермен қадалып

адам денесіне пішімделетін. Әулие София шіркеуінің ішінде композициялық құрылымы ерекше, тарихи дерекпен сабақтастық тапқан мозаикалардың бірі Император Константин мен Император Юстинианның Құдай-ананың алдында тарту жасап тұрған сәті. Орталық бөлікте тақта отырған Құдай-ана бейнеленіп, екі жағында екі император бейнеленген. Оларды маңайында жазылған есімдері арқылы танымыз. Сонымен қатар, қолдарына ұстаған атрибуттары арқылы ажыратсақ болады. Мысалы, Юстиниан Әулие шіркеуін салдырды. Ол шіркеуді Құдайға арнап, құлшылық Кітап: Дәріс: Өнер тарихы 11. Византия өнері 4 жасау үшін салдырды. Сондықтан да оның қолында осы Әулие София шіркеуінің кішкене макеті орналасқан. Константинге назар аударайық. Константин осы дін жолында христиан дінін өз мемлекетінің ресми діні ретінде қабылдай отырып, мемлекет астанасын да Константинопольге көшірген болатын. Сол жерден астанаға лайық үлкен қала салдыртты. Ол Құдай-анаға сол қаланы тарту етпекші. Бір қарағанда композиция құрылымы статикалық, симметриялы, мазмұндық құрылымында барынша түсінікті айқын шешім тапқан.

Мозаика Византия кезеңінде монументалды кескіндеменің негізгі көркемдік материалы болып табылатын. Ол ұсақ смальта тастарынан құрастырып жасалды. Оның жасау техникасы да күрделі. Ұсақ тастарды біріктіріп, түстік үйлесіміне қарай жапсырмалау арқылы үлкен бір композицияны, көркемдік туындыны жасап шығу керек. Әулие София шіркеуінің күмбез асты кеңістігінде осындай көптеген мозаикалық туындылар орналасты. Олар барабанда орналасқан терезелерден түскен жарық арқылы сәулемен шағылысып, керемет түске бөленетін. Әулие София шіркеуіндегі барабандағы сол терезелерден түскен жарық ғимарат ішіне енген кезде қабырғадағы алтын, көкшіл түстес мозаикалармен шағылысып, бір түске бөленетін, яғни осындай тылсымдық беру арқылы сәулетшілер ғимарат ішіндегі жағдайды, оның әсерін, әдемілігін, тамашалығын мейлінше айқындай түскен.

Шіркеудің ішіндегі ерекше назар аудартатын мозаикалардың бірі «Сәби көтерген Құдайана». Тақта отырған Құдай-ана барынша салтанатты. Бір жағынан мейірімді және асқақ көрінеді. Қолында сәбиі бейнеленген. Кері перспективаны нақ осы Құдай-ана отырған тақтан көреміз. Тақты сәл бір жақ бұрышынан ала отырып, оның үш өлшемді дүние екенін байқатады. Бірақ Византияда қалыптасқан, бейнелеу өнеріне қойылған заңдылықтары бойынша ол кері перспективаны сақтай бейнеленеді.

Күмбез асты мозаикаларының бірінде біз Архангел Гавриилді көреміз. Қанатты періште көктен жерге түскен секілді. Ол жердегі өзінің мекенін Әулие София шіркеуінің күмбезасты кеңістігінен тапқандай. Алтын фонда жылтырап әсем көрінген Архангел үстіне ақ түсті киім киген. Қанаттарын енді ғана түсіріп, жинаған секілді. Әулиелігін қанатынан басқа төбесіндегі нимб те айқындай түседі. Өте әсерлі және тамаша мозаикалардың бірі.

Императордың әрқашан Иисус алдындағы дәрежесін салыстырмалы түрде көрсететін мозаика техникасында орындалған композициялардың бірі – Иисус Христос пен Лев VI мозаикасы. Мұнда да Иисус Христос тақта отыр.

Ол патша секілді бейнеленіп, монументалды, мызғымас салмақтылықпен өте әсерлі шешім тапқан. Оның қасында император Христосқа құлшылық жасап, маңдайын жерге тигізе бейнеленген. Осы мозаика арқылы Византия мәдениетіндегі дін мен биліктің рөлін айқындауға болады. Діннің билікке ықпалының зор болғанын байқаймыз. Әрине Константин де, Юстиниан да дінді ұлықтау арқылы, діннің мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы Византияның мәдениеті мен өнерін өркендете түскен болатын.

Византия өнері әрқашан осындай гүлдену дәуірінде болмады. Бұл Византияның алғашқы кезеңі – алтын ғасыры саналатын. Өкінішке қарай, иконакүресушілік дәуірде бір ғасырға жуық уақыт бойы дәл осындай өнер жауһарлары шіркеу қабырғаларынан қашалып түсіріліп, қиратылды. Кейбірінің беті сылақпен сыланып, қайта тегістелді. Өйткені таққа келген билік діннің белгілі бір тұсында айтылған деректерге сүйене отырып, адам бейнесін немесе тірі жанды бейнелеуге болмайтынын алдыға тартады. Осы принциптен келіп бейнелеу өнері жүз жыл бойы тоқырауда болады.

Византия XV ғасырға дейін орта ғасырлық принциптерді сақтай отырып, Батыс Еуропаның шығыс бөлігінде дамыды. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Еуропаның Батыс бөлігі дәл осы кезде өнердің бір гүлдену дәуірін басынан кешіріп жатқан еді. Тіпті, ол бір тұстарында Қайта өрлеумен астасып, жаңа леп алып жатқан болатын. Ежелгі Рим империясынан кейін, әсіресе Пантеоннан соң осындай тұтас негізді толық күмбез жабуымен ерекшеленген Византия сәулет өнерінде үлкен жетістіктерге жетті. Диаметрі 31 м болатын күмбез жабынын жабу осы Византия кезеңіндегі техникалық жағдайды елестете отырып, мүмкін еместей көрінеді. Сәулетшілер үлкен серпіліс жасап сәулеттік құрылымы мен контруктивтік шешімінде өте ұтымды, керемет туынды жасап шығады. Нәтижесінде біздің заманымызға Әулие София секілді керемет сәулеттік ескерткіш жетті. Әрине, біз көріп жүрген Әулие София шіркеуінде біршама өзгерістер бар. Бірақ айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Бұл 1435 жылы Византия Империясын түріктер басып алғаннан соң енгізілген еді. Әулие София шіркеуі Осман империясы тұсында мешітке айналдырылып, 5 Кітап: Дәріс: Өнер тарихы 11. Византия өнері оның жан-жағына мұнаралар орнатылған болатын. Қазір тамашалап жүрген Әулие София шіркеуі Осман империясының тұсында осындай өзгерістерге түсті. Сәулет өнерінде теңдессіз ғимарат қалдырып, бейнелеу өнеріндегі иконалық заңдылықтарды сақтаған, ережеге бағынған Византия өнері өзіндік ерекшелігімен құнды. Христиан өнерінің алғашқы кезеңі ерте христиан және Византия кезеңімен таныстығымыз осымен тәмам. Келесі дәрістерімізде готикалық және романдық кезеңдегі Батыс Еуропа өнерінің даму сипатын бақылайтын боламыз.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

#### **Негізгі:**

1. Тейлор Б. Art today. Актуальное искусство 1970-2005. – М., 2006
2. Фар-Беккер Г. Искусство модерна, 2004
3. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры. – М., 2008

4. Акопян К.З. 20 век в контексте искусства. – М., 2005
5. Герман М. Импрессионисты. Судьбы, искусство, время. – М., 2004
6. Родькин П. Футуризм и современное визуальное искусство. – М., 2006
7. Мировое искусство. Прерафаэлизм. – Спб, 2006.
8. Сарабьянов Д. История русского искусства: конец 19-начало 20 вв. – М., 2001
9. Суретті өнер тарихы. – Алматыкітап, 2014. - 400 б.

**Қосымша оқу материалдары:**

1. Бобков В. Галерейный бизнес. – Москва, Арт-менеджер, 2006.
2. Словарь музейных терминов и определений. - Челябинск, 2000.
3. Суворов Н.Н. Галерейное дело: Искусство в пространстве галереи: Учебное пособие. - СПб. 2006.
4. Центральный государственный музей Республики Казахстан. - А., 2003
5. Ионина Н.А. Сто великих музеев мира. - М. 1999.
6. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. - М., 2003.
7. Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – А., 2009.